



БҰЙРЫҚ

«26» 08 2021 ж./г.
Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 321-0
город Кызылорда

**Банкроттықты басқарушыны
шеттету туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 15-бабы 3) тармақшасына, 89-бабы 2-тармағы 21) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі №343 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдардың тізімін орналастыру, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау мен шеттету қағидаларының 12 тармағы 2) тармақшасына және А.К. Сармановты банкроттықты басқарушысы қызметінен босату туралы 2021 жылғы 25 тамыздағы арызы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Банкроттықты басқарушы Сарманов Арман Карабаевич «Өндірістік құрылыс компания ДАЛА» ЖШС БСН 050440012026 мүліктері мен істерін басқарудан шеттетілсін.

2. Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің 2021 жылғы 01 наурыздағы №84-Ө бұйрығының күші жойылсын.

3. А.К. Сарманов үш жұмыс күні ішінде банкроттың құрылтайшылық құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, банкротқа тиесілі мөрлерді, мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды жаңадан тағайындалған банкроттықты басқарушыға беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау берешектермен жұмыс басқармасының басшысы Б. Оразовқа жүктелсін.

Департамент басшысы

Г. Орынов

006506